



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Дайындық бағыты бойынша ОӘБ -  
Денсаулық сақтау

Ереже

Редакциясы: 1

6 беттің 1 беті

Бекітілді

Денсаулық сақтау бағыты бойынша

ОӘБ төрағасы,

Басқарма төрағасы

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ»

КЕАҚ ректоры

Нургожин Т.С.

хаттама № 3, 2022 ж.

**Зерттеу этикасы туралы ереже**

Алматы, 2022 жыл



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»





Дайындық бағыты бойынша ОӘБ -  
Денсаулық сақтау

Ереже

Редакциясы: 1

6 беттің 2 беті

### БЕКІТУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Аты- жөні, жауапты тұлғаның қолы, бекіткен күні	Лауазымы, аты- жөні, жүзеге асырушының қолы, бекіткен күні
ҚҰРАСТЫРУ	Магистратура және PhD докторантура бөлімі	Иванченко Н.Н.  «__»__2022 ж.	Иванченко Н.Н.  «__»__2022 ж. Букабаева С.А. «__»__20 ж.
БЕКІТУ	Заң басқармасының бастығы	Гаитова М.А.  «__»__20__ж.	«__»__20__ж.
	Коррупцияға қарсы комплаенс қызметі жетекшісі	Тулетаев Б.С.  «__»__20__ж.	



## 1. Жалпы ережелер

1. ҚазҰМУ КЕАҚ зерттеу этикасы туралы ереже Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы», «Білім туралы» заңдарына, Ғылыми атақтарды беру қағидаларына, Ғылыми дәрежелер беру қағидаларына, Университет жарлығына, ҚазҰМУ ғылыми комиссиялары туралы ереже, ҚазҰМУ локальдық этикалық комиссиясы туралы ереже, жалпы қабылданған халықаралық этикалық ережелер мен университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына және зерттеу қызметін этикалық реттеудің халықаралық танылған стандарттарына сәйкес адамдардың қатысуымен зерттеудің барлық кезеңдерінде (жоспарлау, қатысушыларды тарту және іріктеу, орындау және нәтижелерді тарату) этикалық практиканы орнатуға және таратуға ықпал ететін ҚазҰМУ- дегі зерттеу этикасының қағидаларын, нормалар мен механизмдерін айқындауға арналған.

3. Осы ереже университет шеңберінде немесе оның атынан ғылыми зерттеулер жүргізетін университеттің қызметкерлеріне, студенттеріне, зерттеушілері мен шақырылған зерттеушілерінің барлығына қолданылады.

4. Ереже әдептілік, құпиялылық, жарияланымдарды (публикация) қадағалау, мүмкін болатын мүдделер қақтығысының алдын алу және т. б. ұғымдарды қамтиды.

5. Осы ережені ғылыми-зерттеу және ғылыми-білім беру қызметінің қағидалары, нормалары мен стандарттары шеңберінде ҚазҰМУ ғалымдары, ПОҚ, білім алушылар мүлтіксіз сақтауы керек.

## 2. Жалпы этикалық принциптер

Университет қызметкерлері мен білім алушылары өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында зерттеу этикасының жалпы қағидаларын басшылыққа алады:

- өз зерттеулеріне қатысты және басқа зерттеушілердің нәтижелерін бағалауда, оның ішінде экспериментальді жобаларды әзірлеуде, деректерді жинау мен талдауда, нәтижелерді жариялауда, әріптестердің, университет қызметкерлерінің және басқа да тұлғалардың тікелей және жанама үлестерін мойындаудағы адалдық;

- қажет болған жағдайда өз зерттеулерінің нәтижелерін дәлелді түрде негіздеуге және зерттеу нәтижелері жарияланғаннан кейін сұраныс бойынша қажетті материалдарды беруге дайындығы және ашықтығы;

- плагиатқа, көшіруге немесе ғылыми-зерттеу нәтижелерін бұрмалауға жол бермеу;

- тапсырмалардың орындалуын бақылау мақсатында зерттеу этикасының қағидаларын, стандарттарын және нормаларын ұстану;



- ғылыми негіздерді басшылыққа алу, жеке бас бостандығы мен сипатын құрметтеу, нәсіл, жыныс, жыныстық бағдар, мәртебе, наным немесе нәсіл белгісі бойынша адамдарға қатысты кемсітушілікке жол бермеу;
- адамға және/немесе оның заңды өкіліне зерттеудің кез келген кезеңдерінде саналы түрде және өз еркімен қатысу немесе қатысудан ешбір салдарсыз бас тарту мүмкіндігін беру;
- адам құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде жеке өмірге қол сұғылмаушылықты, жеке және отбасылық құпияларды бұзуға жол бермеу, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау;
- ғылыми зерттеулерді қаржыландыратын кәсіптік бірлестіктер мен ұйымдардың этикалық принциптерін сақтау;
- жеке адам мен қоғам үшін зерттеудің пайдасын барынша арттыруға тырысу;
- әлсіз зерттеуге қатысушылардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғауға ерекше қамқорлық жасау;
- деректерді жинауға және өңдеуге рұқсат сұрау;
- жоба туралы толық ақпарат беруді қоса алғанда, гранттық қаржыландыруға өтінімді беру кезіндегі адал ниеттілік;
- жобаларды басқару кезінде демеушілік, институционалдық, құқықтық, этикалық және моральдық міндеттерді сақтаумен қатар зерттеу жобаларын басқарудағы адал ниеттілік;
- зерттеулер жүргізу актілерін регламенттейтін барлық заңдарды, ережелерді және т. б. сақтау және осы мақсаттарға бөлінетін қаражатты пайдалану; жануарлар мен басқа да зерттеу объектілеріне ұқыпты қарау;
- басқа ғылыми жұмыстарды көшіру кезінде адалдықты, әділдікті және жауапкершілікті сақтау;
- жағдайларға байланысты нәтижелерді құжаттау және бастапқы деректерді қағаз немесе электронды түрде сақтау. Зерттеушілер өз жұмыстарын орындау барысында орындалған зерттеу жұмыстары мен алынған нәтижелердің, сонымен қатар аралық нәтижелердің нақты және дәл есебін жүргізуге міндетті;
- зерттеу нәтижелерін пайдалану кезінде қоғам мен қоршаған ортаның мүдделерін сақтау керек;
- жеке тұлғалар немесе ұйымдар арасындағы мүдделер қақтығысына назар аудару;
- дәлелденбеген нәтижелер мен ғылымға қайшы көзқарастарды пайдалануға жол бермеу.

### **3. Зерттеу этикасының бұзылуы**

- зерттеулер жүргізуге тиісті рұқсаттың болмауы;
- ғылыми жобаның өтінімдеріне қатысты жалған мәліметтер беру;
- ғылыми зерттеулер жүргізу барысындағы этикалық емес әрекеттер;



- құпия түрде алынған ақпараттарды рұқсатсыз қолдану;
- тиісті зерттеу тәжірибесінен ауытқу адамға, жануарларға немесе қоршаған ортаға зиян келтірудің негізсіз тәуекеліне әкелуі;
- зерттеу жүргізу барысында алған мәліметтерді фальсификациялау немесе бұрмалау;
- плагиат немесе расталмаған әдебиет көздерін пайдалану;
- басқа авторлардың мәліметтерін дұрыс жеткізбеу немесе бұрмалау;
- басқа біреудің авторлық құқығын иемдену;
- зерттеу қорларын немесе зерттеу жабдықтарын дұрыс пайдаланбау;
- денсаулық сақтау және техникалық қауіпсіздік, деректерді қорғау, зияткерлік меншік және жануарларға эксперимент жүргізу салаларында тиісті заңдарды сақтамау;

#### 4. Конфликттерді басқару

1. Зерттеуші пайда болған немесе ықтимал мүдделер конфликтісін дереу ескертуі керек.
2. Зерттеуші кез келген мүдделер конфликтісін басқару және азайту үшін шаралар қабылдау керек.
3. Зерттеуші қызығушылар тарапынан қақтығыстар көзі болуы мүмкін үшінші тұлғалармен кез келген жеке, іскерлік және қаржылық қатынастар жайлы ақпараттар сәйкесінше есеп беру құжаттарында көрсетілетініне көз жеткізу тиіс.
4. Сондай ақ зерттеуші академиялық жұмыстарды (диссертация, мақала, кітап және т.б.) конкұстық зерттеу өтінімдерін бағалау бойынша рецензент немесе сарапшы ретінде тартқан жағдайда мүдделер конфликтісінің бар екенін мәлімдеуге міндетті.

#### 5. Ғылыми зерттеулер жүргізетін ұйымдардың жауапкершілігі

1. Жұмысқа қабылдау кезінде кандидат осы ережемен танысады және жұмыс берушіге жазбаша өтініш түрінде зерттеу этикасының қағидаларын сақтауға келісетіні туралы хабарлайды.
2. Университет қызметкерлері мен білім алушылар зерттеу этикасының сақталуына жауапты.
3. ҚазҰМУ ЛЭК ғылыми-зерттеу этикасының нормаларын, қағидаларын және стандарттарын сақтау үшін жауапты.
4. Ұйым қамтамасыз ету керек:
  - зерттеумен айналысатын әрбір қызметкер, студент және докторант өзі және зерттеуге қатысушылар үшін зерттеу тәуекелін бағалау мен басқарудың маңыздылығын түсіну үшін тиісті зерттеу этикасы бойынша оқытудан мезгілді өтуі керек;
  - ғылыми зерттеу жобаларының, диссертациялық және дипломдық жұмыс жетекшілерін, және зерттеу этикасын насихаттау, кеңес беру функциялары бар басқа да қызметкерлерді оқыту.
5. Ұйым зерттеу деректерінің едәуір көлемін қауіпсіз, ыңғайлы және ұзақ мерзімді сақтау, пайдалану және тарату жөніндегі талаптарды қамтитын зерттеу деректерін басқару саясатын әзірлеуі тиіс.



6. Ұйым білім зерттеушісіне белгілі бір ұйымдастырушылық және өзге де іс-шаралар түрінде қолдау көрсету арқылы зерттеу нәтижелерінің таралуына ықпал етуі тиіс.

7. Зерттеуші университет басшылығына сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ықтимал немесе орын алған бұзушылықтары, мүдделер қақтығысын шешу ережелері, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері немесе инциденттер туралы және университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптары туралы хабарлау процесін қолдауға жауапты болады.

зерттеуші құқығы бар:

- университет басшылығынан немесе комплаенс қызметінен сыбайлас жемқорлыққа байланысты болуы мүмкін қиындықтар немесе басқа да жағдай туындаған жағдайда не істеу керектігі туралы кеңестер алу.

- университеттің басқаруына түсетін сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінен жоғары деңгейінің болуы туралы болжам бар кез келген операцияға қатысудан бас тартуға.

- паракорлықтың немесе университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және мүдделер қақтығысын шешу ережелерін бұзу әрекеттерінің, нақты немесе болжамды жағдайларының болуына шынайы сенімділіктің немесе адал ниетпен жасалған хабарламаларға. 7.6 ҚазҰМУ постдокторантураның осы Ережеде көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## 6. Қорытынды ережелер

1. Осы Ереже ОӘБ шешімімен бекітіледі.

2. Осы ереженің өзгерістері мен толықтырулары ОӘБ шешімімен бекітіледі.

3. Осы Ереженің орындалуын бақылау ғылым жөніндегі проректорға жүктеледі.